

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН

РАМАЗАН –
рухани тазару мен
сабыр айы

8

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №17 (6695) 17 ақпан, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

СПОРТ

ШАЙДОРОВ – ЧЕМПИОН!

Алматылық спортшы алтын алды



(Сурет: olympic.kz)

7

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ТУННЕЛЬДЕР ТҮЙІСТІ

Мегаполис метросының жаңа тынысы

Алматы метрополитенінің батыс бағыттағы құрылысы қарқын алды. «Б.Момышұлы» станциясынан «Қалқаман» станциясына дейінгі туннельді бұрғылау жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталды. Екі станция арасындағы ұзындығы 1593 метр болатын туннельде түйістіру жұмыстары толық орындалды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

5

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важно голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өтеді

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылды.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

www.aqshamnews.kz





ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ӨЗЕГІ – АДАМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жаңа Конституция жобасы және референдум институтының маңызы мен мәніне арналған «дөңгелек үстел» өтті. Оған заңгер-ғалымдар, саясаттанушылар мен сарапшылар, үкіметтік емес ұйымдардың және БАҚ өкілдері қатысты.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Әл-Фараби» кітапханасында өткен жиын «Жаңа Конституция жобасы бойынша референдум: Қазақстан Республикасы халқының шешім қабылдаудағы демократиялық нысаны» деп аталды. «Дөңгелек үстелге» қатысушылар референдум өткізудің конституциялық-құқықтық негіздерін, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызын жан-жақты талқылады.

Жиын барысында мұндай стратегиялық шешімдерді қабылдауда азаматтық қоғамның рөлі басты тақырып қатарында талқыланды. Заң ғылымының докторы, профессор Гүлдана Қуаналиева жаңа Конституция бойынша барлыққа келетін «Халық кеңесі» сынды жаңа институттың мән-маңызына тоқталды. Ол мұндай жаңа құрылым классикалық билік тармақтарына жатпағанымен, мемлекет басқарудың қазақстандық үлгісін айқындайтын, өзінше құқықтық табиғаты бар билік пен қоғам арасындағы сенім кепіліне айналуы мүмкін деген пікірін ортаға салды.

Заң ғылымының кандидаты, профессор Салтанат Атаханова жаңа Конституция жобасында адам құқықтарының басты орынға қойылғанын айрықша атады. Қоғам назарындағы жаңа Конституция нұсқасы адам құқықтарын ең басты негізге алғанын, бұл заң үстемдігі, адам құқығы үстемдік құратын Жаңа Қазақстанның негізі екенін баса айтты. Әрі «Жаңа Конституция өзегі – адам» деген концептуалды көзқарасын ортаға салды. Ғылыми талқыға қатысқан саясаттанушылар мен сарапшылар Қазақстандағы конституциялық реформалардың тарихи тәжірибесі және конституциялық өзгерістерді қабылдаудың халықаралық практикасы жөнінде пікір алмасады.

ЕЛ ЕРТЕҢІ – ЖАСТАР

Алматыда «Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалының өкілдері студенттік ұйымдардың белсенді жастарымен кездесіп, жаңа Конституция жобасы мен алдағы референдумның маңызын талқылады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кездесудің басты мақсаты – жастар арасында азаматтық белсенділікті арттырып, ел болашағына қатысты маңызды қоғамдық-саяси бастамаларға қызығушылығын арттыру.

Еркін пікір алмасу форматында өткен жиында конституциялық реформалардың негізгі бағыттары, әділетті қоғам құрудағы өзгерістердің орны және референдумның тарихи мәні кеңінен сөз болды. Кездесуге ҚазҰУ, «Тұран» университеті секілді жоғары оқу орындарының жігерлі, ел тағдырына бей-жай қарамайтын жастары қатысты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жиын барысында «Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалы Жастар кеңесінің төрағасы Ханзадилла Насруллаев Конституция жобасына енгізілетін өзгерістерге тоқталып, жастардың бұл бағыттағы маңызын атап өтті.

– Біздің негізгі міндетіміз – ел өміріндегі өзгерістердің мән-маңызын қоғамға, әсіресе, жастарға түсінікті тілде жеткізу. Себебі, елдің ертеңі – өзінің азаматтық

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН

Алматы кәсіподақтары жаңа Ата Заң жобасын қолдады

Шаһардағы салалық және жергілікті кәсіподақ филиалдарының төрағалары, сондай-ақ, еңбек ұжымдарының өкілдерін біріктірген «дөңгелек үстел» өтті. Кәсіподақтар орталығының ұйымдастырған іс-шарада Алматы кәсіподақтары жаңа Конституция жобасын қолдайтынын жеткізді.

Жиын барысында жаңа редакциядағы негізгі бағыттар кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, әлеуметтік кепілдіктер мен азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін күшейту, еңбек ету құқығы мен лайықты еңбек жағдайларын конституциялық деңгейде

бекіту мәселелері көтерілді. Сондай-ақ, халықтың әл-ауқатын арттыруды мемлекеттің стратегиялық мақсаты ретінде айқындау, демократиялық институттарды дамыту және азаматтық қоғамның ел басқаруға қатысуын кеңейту жөніндегі нормаларға ерекше назар аударылды.

Жиынға қатысқан Алматы халықаралық әуежайы кәсіподақ ұйымының төрағасы Данияр Алтыбаев өз көзқарасын жеткізді:

«Бұл – халықтың әл-ауқатын арттыруға, билік пен қоғам арасындағы байланысты жақындатуға бағытталған реформа. Маған ерекше ұнағаны – «Құрылтай» ұғымының енгізілуі. Қазақ халқы үшін бұл тарихи тұрғыдан жақын, түсінікті атау. Бір палаталы Парламент 145 депутаттан тұратыны көрсетілген, бұл да болса шешім қа-

былдау үдерісін жеделдетеді», – дейді кәсіподақ басшысы.

Жиында «Халық кеңесі» сынды жаңа институттың заң шығару үрдісіне бастамашылық рөлі де әр қырынан талқыланды. Қатысушылардың пікірінше, бұл халықтың мемлекеттік шешімдерге белсенді үн қосуға мүмкіндік береді.

Бұған дейін, яғни 2026 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Үндеу жариялап, ҚР жаңа Конституциясы жобасын қолдайтындарын жеткізген болатын. Алматыдағы жиын қорытындысында кәсіподақ өкілдері өз ұстанымдары осы үндеуге сәйкес екенін айтып, еңбеккерлер бірлестігінің конституциялық реформаға қолдау білдіретінін мәлімдеді.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.

ТҮРЛІ ФОРМАТ – БІР МАҚСАТ

Алматыда Конституцияның жаңа жобасы бойынша қоғамдық талқылар әлі де жалғасып жатыр. Шаһардың барлық аудандарында түрлі форматтағы талқы жиындары конституциялық реформаны әр қырынан саралауда. Өзгеше форматтағы қоғамдық талқының бірі Алматы ауданының комьюнити-орталығында ұйымдастырылды.



Досбол
АТАЖАН

Кезекті талқы жиынына жастар ұйымдарының өкілдері, сарапшылар, комьюнити-орталық жетекшілері, қоғамдық ұйымдар мен студенттер қатысты. Іс-шара барысында жастар Конституция тақырыбында өз ой-пікірлерін ортаға салып, сондай-ақ жеке көзқарастарын арнайы параққа жазып, оны ортақ тақтаға ілді.

– Бүгін біздің орталықта референдум және Конституциядағы өзгерістерге қатысты жастар арасында кездесу өтті. Оның мәні – жастарды алдағы болатын референдум жайлы ақпараттандыру. Одан бөлек, қоғамның негізгі қозғаушы күші жастар болғандықтан, олардың Ата Заңдағы өзгерістерге қатысты ойларын білу. Бұл ертең ел болашағы болатын азаматтардың арасында саяси және құқықтық сауаттылықты арттыруға әсер етеді, – деді Алматы ауданы комьюнити-орталығының резиденті Еркежан Сейдахмет.

Кездесу интерактивті және пікірталас форматында болды. Жиынға қатысушылар Қазақстан Республикасының



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Конституциясының қоғамдағы рөлі, жастардың құқықтары мен міндеттері, заң үстемдігі мен азаматтық жауапкершілік туралы пікір алмасты.

– Жалпы Конституцияға өзгерістер енгізілуіне оң көзқараспен қараймын. Себебі, заман талабына сай, жаңа сын-қатерлерге төтеп бере алатындай заң өзгеріп отыруы керек деп ойлаймын. Егер заң балалардың, жастардың құқығын қорғауға бағытталса, қоғам талабын қанағаттандырса, мұндай өзгерістерді қолдаған жөн, – деді Принтмедиа технологиялар колледжінің өндірістік оқыту шебері Жұлдыз Жарқасынқызы.

Ол сондай-ақ, алдағы референдумға қатысып, Ата Заңның жаңа жобасына қолдау көрсететінін де жеткізді. Әрі азаматтарды оңды өзгерістерге қолдау көрсетуге шақырды.

ұстанымы бар, саналы, ойлы әрі белсенді жастардың қолында, – деді ол.

Спикердің сөзінше, ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер әділеттілік қағидаттарын нығайтуға, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге және азаматтық қоғамның рөлін арттыруға бағытталған.

– Қоғамның сұранысына сай, заманауи әрі теңгерімді мемлекеттік басқару моделін қалыптастыру – ортақ мақсат. Бұл жолда ашық диалог, кәсіби талқылау және жастардың тың көзқарасы аса маңызды, – деп атап өтті ол.

Кездесу барысында қатысушылар өз ой-пікірлерін ашық айтып, жүргізіліп жатқан реформалар аясында жастардың рөлін арттыру, қоғамдық өмірге белсене араласу жөнінде ұсыныстарымен бөлісті. Еске сала кетейік, Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, 15 наурыз күні Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер енгізу мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

РЕФОРМА ТАБЫСЫ – ҚОҒАМ ЖЕМІСІ

Қалалық коалиция білім беру және медицина мамандарымен кездесті

Алматыда Конституциялық комиссия мүшелері білім беру және медицина саласының өкілдерімен кездесті. Кездесу Жалпыұлттық коалицияның «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық конституциясы үшін» бастамасы аясында өтті.



Дана САДЫРҚАН

Ашық диалог форматындағы кездесуге Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы, қалалық коалиция жетекшісі Мейіржан Отыншиев, Философия, саясаттану және дінтану институты директоры Айгүл Сәдуақасова және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан қатысты.

Мемлекет басшысының алға қойған бастамаларының мәніне тоқталған

Мейіржан Отыншиев реформалардың табысты жүзеге асуы қоғам санасының жаңғыруымен тікелей байланысты екенін атап өтті.

– Қоғам санасы жаңғырмай, реформалар толық нәтиже бермейді. Тәуелсіздік жылдары еліміздің халықаралық беделі нығайып, стратегиялық бағдарлар саяси жүйені жаңғыртуға бағытталды. Бұл үдерістерді барынша ашық жүргізу маңызды. Алматы – саяси мәдениеті жоғары, пікір алуандығы қалыптасқан мегаполис. Жаңа конституциялық реформалардың негізінде «Әділетті Қазақстан» қағидаты жатыр. Ал жергілікті басқару жүйесінің конституциялық тұрғыдан жаңаруы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, – деді ол.

Ал жаңа конституциялық өзгерістердің маңызын Айгүл Сәдуақасова цифрлық дәуір талаптарымен байланыстырды. Оның айтуынша, Конституция преамбуласына адами капитал, білім, ғылым және инновация ұғымдарының енгізілуі аса маңызды мәнге ие. Сондай-ақ, қоғам, азамат және мемлекет арасындағы келісімшарт сынды жаңа Конс-

титудия тәуелсіздікті нығайтып, білім беру мен денсаулық сақтау, цифрлық технологияларды жүйелі дамытуға негіз бола алатынын баса белгіледі.

«Қазіргі заң шығару тәжірибесінде қазақ тілі бірізділікке бейімделіп келеді», – деген Анар Фазылжан Ата Заңдағы тіл мәселесіне халықтың бей-жай қарамауының өзі қазақ тілінің қоғамдық кеңістіктегі орнын айқындай түседі деген пікірін ортаға салды. Спикерлер білім беру саласын жаңғырту, ғылыми әлеуетті арттыру және жастардың құқықтық мәдениетін нығайту мәселелерін де кеңінен қозғады.

Конституциялық реформаның мәніне бағытталған кездесу №5 қалалық аурухананың ұжымымен де жалғасын тапты. Медицина қызметкерлерімен кездесуде спикерлер реформалардың мәні мен маңызына тоқталып, олардың денсаулық сақтау саласына ықпалы жөнінде баяндады. Әсіресе, азаматтардың әлеуметтік құқығын қорғау, медициналық қызмет сапасын арттыру, сала қызметкерлерінің мәртебесін көтеру мәселелерін кеңінен түсіндірді.

– Саяси жүйені кешенді жаңғыртуға бағытталған бастаманы медицина қызметкерлерімен талқылау маңызды. Әлеумет пен саясат үшін 145 депутаттан тұратын бір палаталы парламенттің маңызы зор. Ал медицина қызметкерлерінің өмірі мен кәсібилігін қорғау 27-бапта қарастырылды. Жаңа Ата Заң бәрімізге ортақ жауапкершілік жүктейді, референдумда күш біріктіруге шақырамын, – деді Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы, қалалық коалиция жетекшісі Мейіржан Отыншиев.

Сала мамандарының құқықтық қорғалуының маңызына тоқталған Айгүл Сәдуақасова құқықтық елде медицина мамандарының әлеуметтік мәртебесімен қатар кәсіби беделі де назардан тыс қалмауы керектігін айтты.

Қалалық №5 аурухана ұжымы өз кезегінде практикалық тәжірибеге негізделген ұсыныстарын жеткізді және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге қатысты пікірлерін ортаға салды. Ашық форматтағы кездесу еркін ой алмасуға мүмкіндік беріп, өзекті мәселелерді тікелей талқылауға жағдай жасады.

ЗИЯТКЕРЛІК MEET-UP

Алматыда қала жастарының қатысуымен Конституцияның жаңа жобасына арналған зияткерлік Meet-up өтті. Ерекше форматта ұйымдастырылған бұл кездесу ашық пікірталас пен интерактивті талқылауға негізделді. Онда көшбасшы жастар мен Мәжілістің бірқатар депутаттары бас қосты.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Кездесу Конституцияның жаңа жобасын кеңінен талқылап, жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, құқықтық мәдениетін дамыту және жаңа технологиялар арқылы сыни ойлау мен ашық диалог алаңын қалыптастыруды мақсат еткен болатын. Жиын жастардың қоғамдағы маңызды саяси-құқықтық процестерге бей-жай қарамай, өз



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

пікірін ашық білдіруге дайын екенін көрсетті.

Жиын барысында заманауи жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып зияткерлік MEET-UP ұйымдастырылып,

Алматы жастары арасында конституциялық батл өтті. Қатысушылар Конституцияның жаңа жобасына қатысты өз көзқарасын білдіріп, нақты сұрақтар қойып, пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Депутат Айдос Сарым қоғамда конституциялық реформаны талқылау белсенді жүріп жатқанын және әртүрлі баптарға қатысты көптеген ұсыныстардың келіп түскенін жастарға жеткізді.

«Алматы – елдің интеллектуалдық ордасы, сондықтан мұнда мұндай мазмұнды кездесулердің өтуі аса маңызды. Осы жұмыстардың нәтижесінде тиісті жарлық шыққаннан кейін Конституцияға қатысты мәселе референдумға шығарылады. Сол кезеңде бұл тақырып қоғам ішінде кеңінен талқыланып, үлкен қоғамдық пікір қалыптасады деп ойлаймын», – деді Айдос Сарым.

«Мұндай кездесу арқылы біз жастардың үнін жоғарыға жеткізе аламыз деді», – Алматы қаласының «Алаш жастары одағы» қоғамдық қорының жетекшісі Мейіржан Азаматұлы. Оның айтуынша, кездесу өте қызықты әрі мазмұнды форматта өткен, себебі жастар өздерін толғандырған, осыған дейін толық жауап ала алмай келген сұрақтарына жауап тауып, елдегі ауқымды саяси үрдіске тікелей қатысушы бола алды.

ИНВЕСТИЦИЯ АЛАҢЫ

МЕГАПОЛИС МҮМКІНДІГІ
Қаланың кәсіпкерлік әлеуеті кеңейіп келеді

Алматы – Қазақстан-ның ірі экономикалық орталығы. Бұл қала елдің қаржы, сауда, қызмет көрсету және IT салаларының дамуында жетекші орынға ие. Кейінгі жылдары Алматы экономикасы цифрлық технологияларды кеңінен енгізу арқылы жаңа даму кезеңіне көшіп қадам басып келеді. Әсіресе, халық тығыздығы, бизнес субъектілерінің шоғырлануы және қаржы институттарының көп болуы цифрлық шешімдердің тез енгізілуіне мүмкіндік беріп отыр. Аталған үрдіс технологиялық секторды ғана емес, тұтастай экономикалық өсімді күшейткенімен де маңызды.

әлеуметтік және әкімшілік қызметтердің 90%-дан астамы электронды түрде беріледі. Ал қала тұрғындары осы сервистердің белсенді қолданушылары, бұл қаладағы экономикалық белсенділік пен бизнестің цифрландырылуы үшін маңызды көрсеткіш.

Мысалы, Қазақстан бойынша мемлекеттік қызметтердің 96%-дан астамы электронды форматта қолжетімді. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында электронды үкімет арқылы 23 миллионнан астам қызмет көрсетілген. Алматы – осы қызметтер ең көп пайдаланылатын өңірлердің бірі. eGov.kz порталында 14,7 миллионнан астам тіркелген қолданушы бар, ал мобильді қосымша арқылы 54 миллионнан астам қызмет алынған. Бұл – мегаполистегі цифрлық мәдениеттің қалыптасқанын көрсетеді.

Әр салаға әсері:

● **Қызмет көрсету саласы (логистика, маркетплейстер).**

● **Шағын және орта бизнес қызметтері.**

● **Экономикалық әкімшілендіру (электронды үкімет, қоғамдық сервистер).**

● **IT және стартап секторлары. Мұның бәрі цифрлық технологиялар арқылы өнімділігін арттыруда.**

Сондай-ақ, көлеңкелі экономикадан 28 млрд. теңгеден астам қаражат шығарылып, 13 млрд. теңгенің бюджеттік шығындар үнемделді. Жалпы, экономикалық әсер 51,3 млрд. теңгеге жетті.

Алматы – халық саны мен тұтыну көлемі бойынша ең ірі нарық болғандықтан, бұл көрсеткіштің қомақты бөлігі қалаға тиесілі. Біріншіден, онлайн төлемдердің артуы салықтық түсімдерді көбейтеді. Екіншіден, сауда айналымы кеңейіп,



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

кәсіпкерлердің нарыққа шығу мүмкіндігі артады. Үшіншіден, логистика және жеткізу қызметтері дамып, қосымша жұмыс орындары ашылады. Демек, цифрлық сауда Алматының ішкі тұтыну нарығын ұлғайтып, қызмет көрсету секторын күшейтеді.

Нарықтың драйвері

2024 жылы Қазақстанда электрондық коммерция көлемі 3,2–3,4 трлн. теңгені құрап, бөлшек сауданың 14–15%-ына жетті. Бұл өсімнің негізгі бөлігі Алматы мен Астана қалаларына тиесілі.

Алматыда маркетплейстер, онлайн жеткізу қызметтері, финтех-платформалар және мобильді банкинг кең таралған. Қаладағы шағын және орта бизнес субъектілерінің басым бөлігі онлайн төлем жүйелерін қолданады. Бұл кәсіпкерлердің табысын арттырып, көлеңкелі экономиканы азайтуға ықпал етуде.

Қазақстанда IT қызметтерінің көлемі 2021 жылы 646 млрд. теңгеден 2024 жылы 1,74 трлн. теңгеге дейін өсті. IT компаниялардың шамамен, 60%-ы Алматыда орналасқан. 2025 жылы Қазақстанның IT экспорты 1 миллиард АҚШ долларына жетті. Бұл табыстың маңызды бөлігі Алматыдағы

бағдарламалау, финтех және аутсорсинг компанияларына тиесілі.

Мәселен, Astana Hub экожүйесіне қатысушы көптеген компания Алматыда жұмыс істейді. 2025 жылы технопарк резиденттерінің жиынтық табысы 800 млрд. теңгеден асты. Бұл көрсеткіш шаһардың стартап және технологиялық орталық ретіндегі рөлін күшейтеді.

Алматыда «Smart City» жобалары қарқынды түрде енгізілуде. Қалалық көлік қозғалысын бақылау жүйелері, бейнебақылау, электронды билеттеу және коммуналдық қызметтердің цифрлық мониторингі белсенді орнатылып жатыр. Бұл арада цифрландыру бюджет ашықтығын арттырып, әкімшілік процестерді жеделдетуге мүмкіндік берді. Қала тұрғындары мемлекеттік органдармен онлайн байланыс орната алады, өтініштер мен қызметтерді электронды түрде ала алады.

Кәсіпкерлер үшін цифрландыру шығындарды азайту, жаңа нарықтарға шығу және өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Ал мемлекеттік деңгейде электрондық қызметтердің жылдам әрі қолжетімді болуы тұрғындардың экономикалық белсенділігі мен нарықтың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Осы орайда Алматыдағы стартаптар мен инвестициялар үшін жағымды жаңалықты да айта кету керек. Орталық Азия мен Кавказдағы ең ірі технологиялық және жасанды интеллект саласындағы іс-шара – GITEX AI CENTRAL ASIA & CAUCASUS Kazakhstan биыл 4-5 мамырда Алматы қаласында өтеді. Іс-шараны әлемдегі ең үлкен технологиялар мен стартаптар желісі – GITEX, Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Astana Hub және Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырмақ. Бұл Орталық Азия мен Кавказ елдерін технологиялық

саланың маңызды ойыншылары ретінде көрсетуге, инвесторлар мен стартаптарды тартып, өңірдің бәсекеге қабілетті цифрлық экономикасын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің сөзінше, GITEX-тің Алматыда өтуі Қазақстанның өңірдегі экономика, технологиялық көшбасшылар, стартаптар мен инвестициялар үшін тартымды орталыққа айналып келе жатқанын дәлелдейді.

«Бұл біз үшін жәй ғана ірі іс-шара емес, цифрлық трансформацияны жеделдетудің және жасанды интеллектіні экономика мен мемлекеттік басқаруға енгізудің нақты құралдарының бірі. Біздің міндетіміз – осы серпіннің өлшенетін нәтиже беруін қамтамасыз ету: шешімдерді нарыққа жылдамырақ шығару, өнімділікті арттыру және бүкіл өңір бойынша адамдар мен бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер жасау», – деді ол.

Алматы цифрлық технологиялар арқылы өнімділікті арттырып қана қоймай, Орталық Азиядағы нақты экономикалық өсім мен табыс генерациясының құралына айналып, инновациялық және технологиялық хаб ретіндегі позициясын нығайтып келеді.

БРИФИНГ

ОҢТАЙЛЫ ЖҮЙЕ ЕНГІЗІЛДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте жаңа Салық кодексінің өтпелі ережесі түсіндіріліп, биылғы қаңтардан бастап қолданысқа енген арнаулы салық режимі туралы айтылды.

Нұржамал
Әліш

Бұған дейін елімізде жеті арнаулы салық режимі қолданылды. Ал биылдан бастап жүйе оңтайландырылды: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізіндегі режим мен шаруа қожалықтарына

арналған үш арнаулы салық режимі ғана қалады. Өзгерістердің мақсаты – салық салуды түсінікті ету, әкімшілік жүктемені азайтып, әлеуметтік қорғауға қолжетімділікті барынша кеңейту.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған жаңа арнаулы салық режимін жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген, жалдамалы жұмыс күшін пайдаланбайтын және рұқсат етілген қызметпен айналысатын, табысы аз Қазақстан азаматтары мен қандастар қолдана алады. Айлық табысы 300 АЕК-тен (шамамен, 1,3 млн. теңге) аспауы тиіс.

«Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған жаңа режим барынша жеңілдетілген және табысы аз әрі тұрақсыз азаматтарға бағытталған. Жалғыз міндеттеме – табыстың 4 пайызы мөлшерінде әлеуметтік төлемдерді төлеу. Бұл зейнетақы жүйесін, медицина мен әлеуметтік сақтандыруды қолжетімді етеді. Бұл өзін-өзі жұмыспен қамтуды заңдастыру мен азаматтардың

құқықтарын қорғау жолындағы маңызды қадам», – деді Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаментінің жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларды әкімшілендіру басқармасының басшысы Нұрлыбек Оспанов.

Шағын және орта бизнес үшін оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі сақталып, жаңартылды. Оны жылдық табысы 600 мың АЕК-ке дейін (шамамен, 2,6 млрд. теңге) болатын, қызмет түрі тыйым салынған тізбеге кірмейтін салық төлеушілер қолдана алады.

«Біз оңайлатылған декларацияны сақтап қалдық, бірақ оны бизнес үшін икемдірек әрі қолайлы еттік. Табыс шегінің жоғары болуы кәсіпкерлерге бизнесті бөлшектемей өсіруге мүмкіндік береді, еңбекақы қорын ескеру мүмкіндігі ресми жалақы төлеуді және жұмыспен қамтуды заңдастыруды ынталандырады», – деді Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Бақтыгүл Сейітова.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Дана
САДЫРҚАН

(Басы 1-бетте)

ТУННЕЛЬДЕР ТҮЙІСТІ

Мегаполис метросының жаңа тынысы



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

құрылымын төсеуге кірісеміз. Дайын бөлікте 500 метрге жуық рельс төселді, енді жаңа ғана қазып өткен бөлікке шамамен бір шақырым рельс төсеу қалды. Мамырда жолдың жоғарғы құрылымын толық аяқтап, тұрақты электрмен жабдықтауға арналған кабельдерді монтаждауды бітіріп, автоматика мен электр жүйелерін орнату жұмыстарына кірісуіміз керек. Маусымға қарай барлық құрылыс-жөндеу жұмыстарын аяқтап, кейін іске қосу-баптау кезеңіне өтуді жоспарлап отырмыз. Бұл – белгіленген уақытқа сай, көп еңбекті талап

ететін үдеріс. Қала тұрғындары үшін бұл – маңызды оқиға. Метрополитеннің болжамы бойынша, тәулігіне қосымша 180 000 жолаушы қосылады, – деді Мұрат Үкшебеу.

«Қалқаман» станциясының ғимараты толық салынып бітті. Құрылысқа 32,8 мың текше метр бетон жұмсалған. Қазір әрлеу жұмыстары аяқталуға жақын, инженерлік желілер тартылған. Станцияда төрт кіреберіс қарастырылған, автоматты есіктер, төлем жүйелері, эскалаторлар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған лифтілер орнатылады. Қалқаман бағытына қарай метро желісін ұзарту қала тұрғындары үшін маңызды. Кейінгі жылдары халық саны артқан бұл аумақта қоғамдық көлікке түсетін жүктеме көбейген. Жаңа учаске іске қосылғаннан кейін жол кептелісі азайып, орталыққа жету уақыты қысқармақ.

Орталық диспетчерлік пункт барлық қауіпсіздік және тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін басқарады. Сонымен қатар, сейсмикалық белсенді аймақ болғандықтан, 120 датчик орнатылып, темірбетон конструкциялардың жағдайы онлайн-режимде бақыланады. Құрылыс-жөндеу жұмыстары 2026 жылдың

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәбит САДБЕНОВ,
Туннель қазушылардың бригадирі,
метрополитенде 35 жыл еңбек өтілі
бар, «Еңбек даңқы» орденінің иегері:



– Біз оң жақ аралық туннельдің түйісуін жүзеге асырдық. Бригаданың бірлескен еңбегінің арқасында бұл жұмысты сәтті аяқтадық. Мамырда кірісіп, ақпанда аяқтадық. Осы айлар ішінде туннельді толық қазып өттік. Оң жақ аралық туннельді «Қалқаман» станциясынан Ясауи көшесіне қарай қаздық. «Шолпан» деп аталған техникамен сол жақ аралық туннельді қазып, кейін оң жақ аралыққа өттік. Жалпы, 1,5 шақырымды еңсердік. Жұмыс барысында ірі валундар – алып тастар кездесті, оларды арнайы құралдардың көмегімен бұзуға тура келді. Бүкіл команданың үйлесімді еңбегінің арқасында бұл учаскені сапалы әрі сәтті аяқтадық. Бұл – біздің алғашқы қазу жұмысымыз емес. Осы нысандағы жұмыстарды аяқтаған соң, Алтын Орда мен Барлық бағытында қазу жұмыстарын жалғастырамыз деп үміттенемін. Ресурстар мен мамандар бар, біз дайынбыз. Тек тапсырма берілсін. Бригадалар тәулік бойы – 24 сағат жұмыс істеді. Әр бригадада 50 адам бар. Қазу жұмыстарына екі қалқан пайдаланылды: бірі сол жақ, екіншісі оң жақ туннельде жұмыс істеді.

Қарагөз ҚАБЫЛОВА,
маркшейдер бөлімінің бастығы:



– Екі метро станциясының бір-бірімен түйісуінде біздің елеулі еңбегіміз бар. Дәлдікті, нақты бағытты қадағалап, тексеріміз. Метроға мінген сайын халықтың ризашылығын алып жатамыз. Өйткені, Алматыда адам көп, ал кептеліс мәселесі сәл де болса шешілмек. Әрі аталған нысанның жүзеге асуы ауа райының тазаруына өзіндік әсерін тигізеді. Жыл соңына дейін барлық жұмыстың аяқталуы көзделіп отыр.

бірінші жартыжылдығының соңында аяқталып, станция іске қосу-реттеу жұмыстарына беріледі. Компания алдағы уақытта «Қалқаманнан» «Барлық» станциясына дейінгі жаңа желіні де қысқа мерзімде салуға дайын екенін мәлімдеді. Жоба аясында үш жаңа станция мен жалпы ұзындығы 4,2 шақырым туннель құрылысы қарастырылған. Жал-

пы желі ұзындығы станциялармен қоса есептегенде 5,274 шақырым болады.

Құрылыс қарқыны Дархан Сатыбалды жүктеген міндеттерге сай жүргізіліп отыр. Осылайша Алматы метросының батыс бағыттағы кеңеюі қала инфрақұрылымын дамытуға және тұрғындардың көлік қолжетімділігін арттыруға серпін бермек.

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА

ӘЛЕУМЕТТІК
КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ

Алматыда қосымша 217 жұмыс орны құрылды

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы әлеуметтік бағыттағы кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 31 кәсіпкерге бизнестерін кеңейту үшін коммерциялық мақсаттағы нысандар ұсынды. Нысандар жеңілдетілген шарттармен жалға берілді. Жалдау құны бір шаршы метріне 0,1 АЕК-ті немесе 2026 жылға белгіленген мөлшерге сәйкес 432,5 теңге. Бұл нарықтық бағадан айтарлықтай төмен.

Коммерциялық нысандар «Алматы» ӘКК ресми сайтында жарияланатын ашық байқау арқылы қолайлы орындар пайда болған сайын ұсынылады. Байқауға әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлер қатыса алады. Инклюзия, денсаулық сақтау және білім беру бағытындағы жобаларға басымдық беріледі.

Байқау жеңімпазымен жалдау шарты үш

жылға дейінгі мерзімге ұзарту мүмкіндігімен және сатып алу құқығынсыз рәсімделеді. Сонымен қатар, үш айға дейін жалдау ақысы алынбайтын жеңілдік кезеңі қарастырылған. Осы тетік аясында ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған бейімдеу және оңалту орталықтары ашылып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға логопедиялық, дефектологиялық, сенсорлық және нейропсихологиялық бағыттағы сабақтар ұйымдастырылған. Сондай-ақ, әйелдерге, жасөспірімдерге және зейнет жасындағы азаматтарға арналған шығармашылық шеберханалар мен үйірмелер жұмыс істеп тұр.

Мұндай жобаларды қолдау тұрақты жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік осал топтарды экономикалық белсенділікке тартуға ықпал етіп отыр. Мәселен, жобалардың бірі аясында тігін өндірісі іске қосылып, әлеуметтік осал топтағы әйелдер жұмыспен қамтылды. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуіне және табысын арттыруға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамдық



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мәселелерді (жұмыссыздық, инклюзия, білім) шешуге бағытталған, пайда табумен қатар әлеуметтік әсерге қол жеткізетін бизнес түрі. Бұл ерекше қажеттілігі бар жандарды жұмыспен қамту, оңалту орталықтарын ашу немесе шығармашылық шеберханалар ұйымдастыру арқылы әлеуметтік осал топтардың өмірін жақсартып, тұрақты жұмыс орындарын құрады.

Мемлекеттік немесе квазимемлекеттік сектор (мысалы, «Алматы» ӘКК) тарапынан 3 жылға дейін сатып алу құқығынсыз жалдау

шарты, 3 айға дейін жалдау ақысынан босату сияқты жеңілдіктер қарастырылған. Аталған әріптестік нәтижесінде «Алматы» ӘКК мен әлеуметтік кәсіпкерлердің серіктестігі арқылы қалада жалпы саны 217 жаңа жұмыс орны ашылды. Айта кету керек, 2025 жылғы төртінші тоқсан қорытындысы бойынша Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1 672, 2024 жылы 835 болды. Бұл сектордағы қарқынды өсу мен дамуды көрсетеді.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



ТАРИХИ ДАТА

ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ, ЕЛГЕ – ТАҒЫЛЫМ

15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауған-стан аумағынан толық шығарылған күні. Биыл осы тарихи оқиғаға 37 жыл толып отыр. Осыған орай Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіш маңында еске алу рәсімі өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жиналған жұртшылық боздақтардың рухына тағзым етіп, бір минут үнсіздік жариялады. Ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Іс-шараға Ауған соғысының ардагерлері, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, жастар және қала тұрғындары қатысты.

Алғашқы сөзді Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант, Ауған соғысының ардагері Бақытжан Ертаев алды. Ол Ауған

соғысының тарихи маңызына тоқталып, майдан даласында қаза тапқан сарбаздардың ерлігі ұмытылмауға тиіс екенін айтты.

– Мен бүгін таң ата сол соғыста қаза тапқан боздақтардың рухына бағыштап Құран оқыдым. Олар интернационалдық борышын өтеу барысында ерлікпен қаза тапты. Ерлік көрсеткен жауынгерлердің есімі ел жадында мәңгі сақталуға тиіс. Бүгінгі жас ұрпақ бейбіт өмірдің құны сол жылдардағы ауыр сын мен құрбандықтар арқылы келгенін әрдайым жадында ұстауы керек, – деді ол.

Жиын барысында Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Әбдішүкіров, генерал-майор Марат Мәжитов, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы Ардагерлер ұйымдарының үйлестіру кеңесінің және «Көк Байрақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әуез Бейсенбаев сөз сөйледі. Олар Ауған соғысы ардагерлерінің қоғамдағы орнына тоқталып, олардың жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі үлесін ерекше атап өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КӨРМЕ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ТАС ТІЛІНДЕ
СӨЙЛЕТКЕН МҮСІНШІ

Almaty Gallery-сы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, суретші, мүсінші Бақытжан Әбішевті еске алу үшін оның шығармашылығына арнап көрме ашты.

Нұржамал
ӘЛІШ

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған экспозиция шебердің әр жылдары жасаған бірегей туындыларының басын біріктірді: станоктық жанрдағы мүсіндер, фотосуреттер және қалалық кеңістіктің, еліміздің мәдени тарихының бір бөлігіне айналған ескерткіштердің үлгілері ұсынылды.

Бақытжан Әбішевке кең көлемдегі танымалдылық әкелген тұңғыш тырнақалды туындыларының бірі – біздің мегаполистегі Тоқаш Бокин ескерткіші. Ол осы шығармасы үшін жас күнінде Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанған. Достық даңғылы бойындағы еңселі, көз тоқтар Жамбыл ескерткіші де бүгінде тарихи мұраға айналған. Әди Шәріпов ескерткіші де шебердің қолынан шыққан сәтті шығармаларының қатарында тұр.

Астанадағы – Мұстафа Кемал Ататүрік, Жаяу Мұса, Қарағандыдағы – Сәкен Сейфуллин, Атыраудағы – Исатай мен Махамбет, Ақтөбедегі – Әлия Молдағұлова, Баянауылдағы – Бұқар жырау, Мәшіһүр Жүсіп сынды тау тұлғаларды да тұғырына қондырған Бақытжан Әбішев.

Қарапайым қоланың өзін нағыз өнер туындысына айналдыра білген мүсіншінің көрмесіне марқұмның зайыбы – М.Әуезов атындағы Ұлттық театрдың белді актрисасы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Шәмшагүл Меңдиярова қатысты.

– Осындай бір әдемі кешті ұйымдастырған жандарға алғысым шексіз. Жүрегіме нұр құйылғандай әсерде болдым. Мүсін өнері жұбайым үшін жәй ғана мамандық емес, өмірінің мәні, сұлулық, тарих және адамдық қадір-қасиет туралы әлеммен сырласудың бір жолы болатын. Сол туындыларын көпке ұсынып ұлықтап жатқандарыңызға қуанып тұрмын, – деді актриса.

Иә, Almaty Gallery-сының көрме залында бұл күні ерекше атмосфера орнады – мүсіншінің көзін көрген әріптестері, шәкірттері мен өнерін қадірлейтін жандардың естелік, лебізіне толы жылы кеш болды. Қонақтар ұлттық рухты тас тілінде сөйлеткен мүсіншінің қайталанбас көркемдік тілін, тарихи тұлғалар мен ұлттық батырлардың бейнесін сомдауда олардың мінезі мен дара болмысын шебер ұштастыра білген қабілетін ерекше атап өтті.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

110 МЕТРЛІК СЫРМАҚ

Гиннестің рекордтар кітабына енуі мүмкін

Алматының Бостандық ауданында бірегей жоба қолға алынды. Ұлттық дәстүр мен шеберлікті, бекзат болмысты тоғыстырған ауқымды мәдени жобаның жүзеге асуына аудан әкімдігі тікелей қолдау білдіруде. Айталық, «Қазақ аналары» әжелер қауымдастығы ұзындығы 110 метр болатын бірегей сырмақты дайындауға кіріскен. Сәтін салса, жобаның нәтижесі Гиннестің рекордтар кітабына тіркеуге ұсынылмақ.

Мұндағы басты ерекшелік – сырмақтың дәстүрлі басу және тігу технологияларын сақтай отырып, толықтай қолмен жасалуында. Оның ою-өрнектерінде қазақы нақыштың классикалық үлгілері пайдаланылып, әр тұсында ұрпақ сабақтастығы қолөнерге деген құрмет пен ұлттық мұраны сақтауға деген ұмтылыс көрініс табады.

Бастама тек көлемімен емес, мазмұндық мәнімен де айрықша болғалы тұр. Қолға алынып отырған жобаны, яғни сырмақты аяқтау 21 наурыз – Наурыз мерекесіне жоспарланған. Дәл осы күні бірегей туынды көпшілік назарына ұсынылып, қазақ мәдениетінің бірлігі мен байлығын, шеберлік дәстүрінің өміршеңдігін айшықтайтын нышанға айналмақшы.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



СҮЙІНШІ!

Италияда өтіп жатқан Олимпиада ойындарында отандасымыз Михаил Шайдоров топ жарып, спорттық жарыстың ең биік шыңын бағындырды.

ШАЙДОРОВ – чемпион!

Мұздағы мәнер

Ақ Олимпиада кезіндегі ең көрікті әрі тартысты сайыс түрлерінің бірі – мәнерлеп сырғанау. Жинақылық пен қайсарлықты, асқан шеберлік пен табандылықты талап ететін бұл спорт түрінде бәсекелестік деңгейі әрдайым жоғары.

Төрт жылда бір келетін доданың мәнерлеп сырғанаудан биылғы фавориттері ретінде АҚШ және Жапония спортшылары аталған еді. Қысқа бағдарлама кезінде олар өз деңгейін дәлелдеп үлгерді. АҚШ өкілі Илья Малинин 108.16 ұпаймен көш бастаса, екінші орынды жапониялық Юга Кагияма (103.07 ұпай) иеленді. Жасөспірімдер арасындағы және ересектер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Төрт құрлық турнирінің жеңімпазы, қазақстандық спортшы – Михаил Шайдоров қысқа бағдарламада 92,94 ұпай жинап, бесінші орында тұрақтады.

Осы тұста шетелдік сарапшылар «алтын мен күміс үшін америкалық пен жапондық таласады, қалғандары, оның ішінде Шайдоров та тек қоладан үмітті» деп болжам жасады. Алайда, Алматы қаласының тумасы Италияның төрінде нағыз сенсация жасады. Отандасымыз Димаш Құдайбергennің орындауындағы «Confessa» және «Diva Dance» композицияларымен құралған бағдарламасын өте таза орындап, еркін бағдарламада төрешілердің шешімімен 198,64 ұпай жинады. Ол 5 бірдей төрттік секіруді сәтті орындады.

Қысқа бағдарламада артқа қарай сальто жасап, әлемді тамсандырған америкалық Илья Малинин еркін бағдарламада екі рет құлап, бірнеше қателікке жол берді. Тағы бір фаворит – Юма Кагияма да төрттік секіру кезінде құлап, ұпай саны төмендеді. Осылайша жалпы есепте 291,58 ұпай жинаған Михаил Шайдоров мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада чемпионы атанды! Күміс пен қола жүлде жапониялықтар Юма Кагияма (280,06 ұпай) мен Шун Сатоға (274.90 ұпай) бұйырды.

Көп жыл күткен жеңіс

Бұл жеңіс – Қазақстан үшін ақ Олимпиаданың екінші алтыны. Бұған дейін әлемдік доданың ең биік тұғырында еліміздің туын шаңғышы Владимир Смирнов қана көтерген еді. Ол 32 жыл бұрын 1994 жылы Лиллехаммер Олимпиадасында чемпион атанды. Сонымен қатар,

Михаил Шайдоровтың жүлдесі – Қазақстан тарихындағы мәнерлеп сырғанаудың алғашқы алтыны және осы спорт түріндегі екінші медаль. 2014 жылы Сочи Олимпиадасында Денис Тен қола жүлде алған еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровты Қысқы Олимпиада ойындарының чемпионы атауымен құттықтады. Президент атлеттің отандық спорт тарихында мәнерлеп сырғанаудан тұңғыш рет алтын медаль иеленуін тарихи маңызы зор жетістік ретінде атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровқа жоғары шеберлігі, жеңіске деген ерік-жігері үшін алғыс айтты. Мемлекет басшысы барша спорт сүйер қауым мен ел азаматтары спортшының айтулы жетістігін мақтан тұтатынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, жаттықтырушыларға, Коньки-

мен мәнерлеп сырғанау федерациясына және тиісті министрлікке атқарған жұмысы үшін ризашылық білдірді.

«Мишабай, бауырым...»

Миланнан алтын әкелген Михаил Шайдоровты барша қазақстандық қуана құттықтап жатыр. Әсіресе, әлемдік жұлдызымыз Димаштың шынайы қуанышын жеткізіп, чемпионға айрықша сыйлық дайындап қойғаны – жұртты тіпті сүйіндірді. Димаш Құдайберген Instagram парақшасында Шайдоровты жеңісімен құттықтап, оған темір тұлпар сыйлайтынын айтты.

– Мишабай, бауырым, Олимпиада алтыны құтты болсын! Мұз үстіндегі қимы-

лық, өнерің дүйім жұртқа шабыт, рух сыйлаған үлкен азаматқа айналдың. Еліміздің саңлағы, менің досым, өзіңнің ағаң, өкінішке орай, халқымыздың маңдайына сыймай кеткен асыл перзенті Денисімізді жоқтатпадың. Ағаңның, халқымыздың алдындағы борышыңды жоғары деңгейде өтедің. Олимпиадаға менің орындауымдағы әнді таңдап, қуанып қойдың, көп рахмет! Осы орайда саған темір тұлпар сыйлаймын, – дейді әнші құттықтауында.

«Миланда Михаилдың айтқан сөзі...»

Михаил Шайдоров тарихи жеңісінен кейін Қазақстан халқына Италиядан бейнеүндеу жасап, өз Отаны мен жанкүйерлеріне алғысын айтты.

– Құрметті дос-тар, сіздерге Миланнан сәлем жолдаймын. Маған қолдау білдірген барша отандастарыма ризашылығымды жеткізгім келеді.

леді. Сондай-ақ, біздің дайындығымызға ерекше қолдау көрсеткен Мемлекет басшысына алғыс айтамын. Еліміздің мәнерлеп сырғанау федерациясының президенті Бауыржан Ералыға кейінгі жылдары аталған спорттың дамуына сіңірген еңбегі үшін рахмет айтамын. Шын жүректен жарысқа дайындық барысында жауапты және ауыр кезеңде қасымда болған мамандар мен бапкерлерге ризашылығымыз шексіз. Менің жарысқа қатысуым барысында трибуна және көгілдір экран арқылы қолдау көрсеткен барша қазақстандықтар мен жанкүйерлерге ризашылығымды жеткізгім келеді.

Сондай-ақ, маған әлеуметтік желі арқылы қолдау білдірген азаматтар аз болған жоқ, – деді Михаил Шайдоров.

Әлемді әсерге бөледі

Айта кеткен жөн, отандасымыздың жетістігін ел ішінде ғана емес, шетелдік БАҚ-та жарысып жазып жатыр. The Guardian, BBC Sport, Flashscore, The New York Times, Kyodo News, The Economic Times және өзге де дүние жүзіне хабар тарататын басылымдар Олимпиададағы мәнерлеп сырғанаудың нәтижесіне арнайы мақала арнап, Шайдоровты ерекше атап өтті. Мысалы, New York Times: «21 жастағы Шайдоров басты үміткер Илья Малининді артқа қалдырып, Қазақстанға осы Олимпиадада алғашқы медальді және 32 жылдан кейінгі алғашқы алтын медальді сыйлады» деп жазса, BBC Sport: «Ерлер арасындағы еркін бағдарламада финалға шыққан алты спортшының бесеуі құлаған кезде, Шайдоров қана қателік жасамады. Басқалар қиналғанда, ол сабырлы болып, төрттік секірулерін дәл орындап, Олимпиаданың алтын медалін жеңіп алды» деп хабар таратты.

Алматыдан әлемге қанат қаққан

Еске салайық, Михаил Шайдоров 2004 жылы Алматыда дүниеге келген. Ол мәнерлеп сырғанаудан әкесі, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Станислав Шайдоровтың бағыт-бағдарымен осы спорт түріне келген. Бала кезінде ол бұрынғы «Рамстор» сауда орталығындағы мұз айдынында жиі жаттыққан. 2011 жылы М. Бегалин атындағы №120 гимназиясына 1-сыныпқа барды. Ал 2016 жылы Алматы қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатқа ауысты.

2018 жылдан бастап шетелге көшіп, Олимпиада чемпионы Алексей Урмановтың жетекшілігімен жаттыға бастады. 2019 жылы небәрі 15 жасында ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатында жеңіске жетті. 2020 жылы ол халықаралық жарыстарда тәжірибесі аз болса да, алғаш рет жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына қатысты. 2024 жылы Қазақ спорт және туризм академиясына «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» факультетіне оқуға түсті.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

БІЗДІҢ СҰХБАТ



РАМАЗАН —
рухани тазару мен сабыр айы

Ертең – мұсылмандар үшін қадірлі Рамазан айы кірмек. Турасында, бұл айда адам Енәпсісін тәрбиелеп, сабыр сақтауды, шүкіршілік етуді үйренеді. Иә, Ислам іліміне сай ораза – тек ішіп-жеуден тыйылу емес, ол – тіл мен көзді, ой мен жүректі жамандықтан қорғау. Ораза айының қарсаңында Алматы қаласы Орталық мешітінің наиб-имамы, Шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Тимур ӘЛИЕВПЕН сұхбаттасқан болатынбыз.

Жүректі тазартатын уақыт

– Рамазан айының мұсылман өміріндегі рухани орны қандай?

– Рамазан жәй ғана ораза айы емес. Бұл – адамның рухани жаңғыру айы. Нәпсіні тәрбиелейтін, жүректі тазартатын, тәубені күшейтетін уақыт. Құран дәл осы айда түсті. Сондықтан Рамазан – Құран айы. Мұсылман үшін бұл ай өмірін қайта қарау, қателіктерін түзету, Жаратушымен байланысын күшейту кезеңі. Қоғаммен де дұрыс қарым-қатынас орнатуға үлкен мүмкіндік.

– Қандай амалдарға ерекше көңіл бөлген жөн?

– Кәміл мұсылман үшін алдымен, бес уақыт намазды қаза етпеу маңызды. Сонымен қатар, Құран оқу, тарауық намазына қатысу, садақа беру, мұқтаж жандарға көмектесу – үлкен сауап. Бұл ай – кешірім мен мейірім айы. Араздасқан жандар тауласса, сауабы мол болмақ. Пайғамбарымыз хадисінде бұл айда нәпіл құлшылық парыздың сауабындай, ал парыз құлшылық бірнеше есе артық сауапқа ие болатынын айтқан. Пайғамбарымыз жеткізген хадистерде Рамазан сауап еселенетін ай екені анық баяндалған. Бұл – Алланың ерекше кеңшілігі. Адамға рухани серпіліс беру үшін берілген мүмкіндік.

Сыртқы және ішкі әдеп

– Күнделікті күйбең тіршілікпен рухани дүниемізді әлсіретіп алып жүрген қазіргідей уақытта Рамазан-ның тәрбиелік рөлі қандай?

– Қазіргі қоғамның жылдамдыққа, ашуға, ашкөздікке, агрессияға толы екені жасырын емес. Міне, Рамазан осындай жандарды тәрбиелейді. Жүректі тазарта-



тын мүмкіндік. Аштық – сабырды үйретеді. Шөлдеу – шүкірді үйретеді. Түнгі тарауих намаз – тәртіп пен ауызбіршілікті үйретеді. Бұл ай – рухани детокс. Сабыр, шүкір, кешірім, қайырымдылық секілді қасиеттер қоғамның берекесін арттырады. Бір ай бойы өзін тәрбиелеген адам бұл әдетті жыл бойы жалғастыруға тырысуы ләзім.

– Оразаның сыртқы және ішкі әдебі дегенді қалай түсіндіресіз?

– Сыртқы әдеп – таңнан кешке дейін ішіп-жеуден, жыныстық қатынастан тыйылу. Ал ішкі әдеп – көзді, тілді, жүректі сақтау. Өсек айтпау, ашуға берілмеу, жал-

ған сөйлемей, біреуді кемсітпеу. Бұл жерде ішкі әдеп өте маңызды. Ол болмаса, ораза формализмге айналады.

Көз бен ақыл оразасы

– Оразаны тек ішіп-жеуден тыйылу, арықтау үшін де ұстап жүргендерді білеміз...

– Пайғамбарымыз «Кім жалған сөз бен жаман істі тастамаса, Алла оның ішіп-жеуден тыйылғанына мұқтаж емес» деген. Яғни ораза – толық мінез реформасы.

– Ораза кезінде жиі жіберілетін қателіктер қандай?

– Ашуланшақ болу. Ұйқыны көбейту. Ауызашарды ысырапқа айналдыру. Рамазанды тек дастархан айы ету. Соңғы он күнді әлсіретіп жіберу. Осыны ескерсек екен.

– Бүгінде әлеуметтік желі күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Түрлі платформаларды қолдануда не ескеру керек деп ойлайсыз?

– Әлгінде айтып өткенімдей, ораза тек асқазан емес, көз бен ақыл оразасы да болуы керек. Энергиямызды және уақытымызды босқа алып қоятын контенттен аулақ болу керек. Пайдалы контенттерге көбірек үңілген абзал. Осы айды пайдаланып, намаз оқимын деген ниетте жүрген жандар болса, бұл – намаз үйренуге жақсы мүмкіндік айы. Жалпы, адам күні бойы аш жүріп, рухани пайдасыз күйде қалып қоюдан сақтануы керек.

Бала ауыз бекітсе...

– Қазіргі күні мектептің төменгі сынып оқушылары да жаппай ауыз бекітіп жүргенін байқаймыз. Қай жас-тан бастап ораза парыз? Баланың денсаулығы үшін ата-ана нені ескергені жөн?

– Егер ешқандай кедергі болмаса, ораза балиғат жасынан бастап парыз. Бала әлсіз бе? Созылмалы ауруы бар ма? Ұйқы режимі дұрыс па? Ата-ана осыны қадағалағаны дұрыс. Мектептегі мұғаліммен кеңесу де артық емес. Ислам денсаулыққа зиян келтіруді құптамайды. Керісінше, дұрыс ұсталған ораза адамның ағзасын демалдырып, тәртіпке үйретеді.

– Сөз соңында Орталық мешіттің Рамазан айында ұйымдастыратын іс-шараларымен таныстыра кетсеңіз?

– Алматы Орталық мешіті жыл сайын күнделікті ауызашар ұйымдастырады. Құран хатым түсіру іс-шаралары өтеді. Қайырымдылық акциялары жүргізіледі. Тарауих намазы өткізіледі. Балалар мен жастарға арналған рухани кештер ұйымдастырылады. Пәтуа бөлімі арнайы кеңестер береді. Әсіресе, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету – басты бағыттарымыздың бірі. Осы ретте барша мұсылман қауымына Рамазан айының берекесін тілеймін. Ұстаған оразаларымыз, жасаған дұғаларымыз қабыл болсын. Әр шаңыраққа амандық, бірлік, ынтымақ нәсіп етсін. Рамазан – тек бір айлық құлшылық емес, ол – өмірлік мектеп.

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛІШ.

СЕМИНАР

ҚАУІПКЕ ҚАРСЫ ҚАМАЛ
Дін саласының үздік сарапшылары бас қосты

Алматыда дінтану, психология, саясаттану, социология салаларындағы білікті мамандар, кәсіби сарапшылар қатысқан семинар өтті. Екі күнге жалғасқан іс-шараның басты тақырыбы – діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталды.



Семинар барысында діни радикализмнің алдын алу, терроризмге қарсы іс-қимыл және радикалданған тұлғаларды дерадикализациялау жолдары туралы мазмұнды баяндамалар жасалды. Спикерлер, әсіресе, халықпен жұмыс істеу барысында қолданылатын психологиялық әдістерге ерекше тоқталды.

Сонымен қатар, діни экстремистік идеологияның ықпалына түскен азаматтарды оңалту кезінде тиімді әрі нәтижелі шешім қабылдау дағдыларын дамыту мәселелері де кеңінен талқылады. Семинар қатысушыларға тәжірибе алмасып, кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Айта кету керек, мұндай семинарлар Алматыда жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Онда Алматы қаласының діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің басын қосып, олардың халықпен жұмыс істеу барысында қолданатын әдіс-тәсілдерін жетілдіруді мақсат етіледі.

Бұл реткі семинарға ақпараттық-түсіндіру тобының 60-тан астам мүшесі қатысқан. Іс-шараның алғашқы күнінде Павлодар өңірінен және Алматы қаласынан келген сарапшылар діни экстремизм мен терроризмнің теориялық қырлары, қазіргі үрдістер мен өзгерістер туралы баяндамалар жасаған. Ал екінші күнін сөз алған мамандар шетелдік тәжірибелерді кеңінен талқылаған. Бұл мамандардың қатарында Солтүстік Кавказ аймағындағы үдерістерді зерттеген, сондай-ақ, экстремизм мен терроризм саласында практикалық жұмыс жүргізген сарапшылар да бар.

Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарманың басшысы Нұрлан Қиқымовтың айтуынша, сала мамандарының тәжірибе алмасып, қоғамдағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл нәтижесін арттыруда мұндай семинарлардың маңызы айрықша. Ол сондай-ақ, 2026 жылы Алматыда қаласында 700-ден астам ақпараттық-түсіндіру іс-шарасын өткізу жоспарланғанын жеткізді.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН



МЕШІТТЕ
ЖИ-ИМАМ ОТЫРАДЫ

Яғни ҚМДБ діни тәжірибеге заманауи цифрлық технологияны енгізуді көздеп отыр. Мешіт жұмысына цифрлық көмекші болатын бұл платформа беделді ислам дереккөздері мен шариғаттың қатаң қағидаттарына негізделі отырып, діни сұрақтарға жедел жауап беруге арналған дейді басқарма өкілдері.

Иә, ҚМДБ мәліметінше, елде Imam AI сервисі әзірленіп жатыр. «Жедел анықтамалық» форматында жұмыс істейтін бұл қосымша имамдарға түсетін жүктемені азайтып, халыққа нақты, сенімді, тексерілген діни ақпаратқа кең әрі қолжетімді қол жеткізуге мүмкіндік береді. Цифрлы қызмет барысында дәстүрлі рухани құндылықтар да сақталады деп отыр дін өкілдері.

Елімізде жасанды интеллектпен жұмыс істейтін «имам» болады. Бұл туралы 2026 жылға арналған бағдарламалық баяндамасында Қазақстанның Бас мүфтиі Наурызбай қажы Тағанұлы мәлімдеді.

(Сурет: ЖИ).



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ИГІЛІГІ

Алматының онкологиялық орталығындағы
цифрлық шешімдердің нәтижесі қандай?

Бүгінгі күні Алматы онкологиялық орталығы ерте диагностикаға, минималды инвазивті технологияға және медициналық көмектің дәлдігі мен қауіпсіздігін жақсартатын цифрлық шешімдерге баса назар аударып отыр.

Робот дәрі дозасын
дәл есептейді

Былыр орталық үшін тұрақты өсу мен технологиялық инновациялар кезеңі болды. Дәлірек айтсақ, диагностикалық және емдеу мүмкіндіктері кеңейтілді, заманауи құралдар енгізілді және науқастарды қамту көлемі артты. Небәрі бір жыл ішінде орталықта 57 000-нан астам компьютерлік томография және МРТ-сканерлеу, 7500-ге жуық эндоскопиялық және 13 000-нан астам иммуногистохимиялық тексеру жүргізілді. Бұл көлем өте дәл диагноз қоюға және жеке емдеу стратегиясын таңдауға мүмкіндік береді.

Негізгі технологиялық жетістіктердің бірі Kiro Robotics KiroOncology роботтық химиотерапиялық дайындау жүйесін енгізу болды. Алматы – елімізде мұндай автоматтандыруды қолданған алғашқы қала. Робот дозаларды дәл есептейді, дәрі-дәр-

мектерді анықтайды, араластырудың әрбір кезеңін бақылайды және адами факторды азайтады. Ал бұл өз кезегінде пациенттер мен медицина қызметкерлері үшін емдеу қауіпсіздігін арттырады.

Диагностикадағы
жаңашылдық

Цифрлық шешімдер диагностикада да белсенді қолданылады. Сарапшылық деңгейдегі ультрадыбыстық аппараттар жасанды интеллект бағдарламалық жасақтамасымен біріктірілген. Бұл дәрігерлерге патологиялық өзгерістерді ерте кезеңде анық-

тауға көмектеседі. Жүйе кескіндерді нақты уақыт режимінде талдайды, тіндердің құрылымын, тығыздығын және зақымданулардың контурларын бағалайды, қажет болған жағдайда маманды мұқият тексеруді қажет ететін аймақтарға оралуға шақырады. Мұндай қосымша бақылау қатерлі ісіктерді өткізіп жіберу қаупін азайтады.

Бұл технология сүт және қалқанша безін тексеру үшін қолданылады және бауыр ауруларын диагностикалауға да біртіндеп енгізілуде. Майлы гепатозды анықтаған кезде бағдарлама өзгерістерді жазып қана қоймайды, сонымен қатар сандық көрсеткіштерді цифрлық форматта

шығарады. Бұл зақымдану дәрежесін объективті бағалауға және науқастың жағдайының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

УЗИ-кескіндер
дерекқоры

Жасанды интеллекттің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін медициналық кескіндердің үлкен дерекқоры жасалуда. Оңтүстік Кореядан келген әріптестермен бірлесіп, мыңдаған ультрадыбыстық кескіндер жиналып, таңбалануда. Оқытудан кейін алгоритмдер Еуропада да қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкес клиникалық сынақтан өтеді. Жоғары дәлдікке жету үшін жүйеге 10 000-нан астам тексеру қажет.

Былырдың өзінде осы технологияны қолдану арқылы 6000-нан астам сүт безін тексеру және 100-ден астам қалқанша безін тексеру жүргізілді. Сүт безі қатерлі ісігінің 128 жағдайы және 5100 қатерсіз сүт безі зақымдануы, сондай-ақ қалқанша безі қатерлі ісігінің 12 жағдайы анықталды.

Инвазивті хирургия

Емдеу бағыттары да кеңейіп келеді. Орталықта 27 мыңнан астам науқас мамандандырылған көмек алды. Үш мыңнан

астам ота жасалды. Бұл ретте операциялардың 53,2%-ы аз инвазивті тәсілмен орындалды. Мұндай әдістер жарақаттануды азайтады, ауруханаға жатқызу уақытын қысқартады және қалпына келтіруді тездетеді. Ең белсенді минималды инвазивті хирургия өкпе, эндометрия, бүйрек және бүйрек үсті бездері, проста-та және қуық ісіктері үшін қолданылады.

23 мыңға жуық пациент химиотерапиялық ем алды, тағы мыңдаған науқас амбулаториялық препараттармен қамтамасыз етілді. Радиациялық терапиядан мыңнан астам адам өтті. Рентгенологиялық бөлімшеде ісікке барынша дәл әсер етуге және саутіндерді қорғауға мүмкіндік беретін жоғары дәлдіктегі стереотактикалық терапияға арналған ExacTrac Dynamic технологиясы енгізілді.

Иә, жасанды интеллектіні дамыту, процестерді роботтандыру және жабдықты жаңарту онкологиялық көмектің жаңа моделін қалыптастырады, яғни бұл – дәлдік, қауіпсіз және пациентке бағытталу. Дәл осындай шешімдер бүгінде қатерлі ісікке қарсы күресте маңызды қадам болып отыр.

БӘРЕКЕЛДІ!

ӨМІРҮШІН КҮРЕС

730 грамм болып туған нәресте аман қалды

№2 қалалық перинаталдық орталығының дәрігерлері жүктіліктің 27-аптасында дүниеге келген шала туған қыз баланы аман алып қалды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері хабарлады.

Болашақ ана амниотикалық сұйықтықтың мерзімінен бұрын келуіне байланысты орталыққа жедел түрде жеткізілген. Ультрадыбыстық зерттеу нәтижесінде мамандар іш-тегі нәрестенің өміріне қауіп төніп тұрғанын анықтап, шұғыл ота жасау туралы шешім қабылдады.

Кесарь тілігі орталық директоры Светлана Рахимова бастаған дәрігерлер тобының қатысуымен жүргізілді. Соның нәтижесінде салмағы небәрі 730 грамм болатын қыз бала дүниеге келді.

Нәресте өмірінің алғашқы сәтінен бастап жаңа туған балалардың жан сақтау және қарқын-

ды терапия бөлімінде болды. Дәрігерлер мен медбикелер оның жағдайы үшін 28 күн бойы күн-түн күресті. Жағдайы тұрақтанған соң күтімнің екінші кезеңіне – жаңа туған нәрестелер патологиясы бөліміне ауыстырылып, 56 күн болды. Осы уақыт ішінде бөбектің салмағы екі еседен астам артып, 1800 грамға жеткен.

Айта кетейік, №2 қалалық перинаталдық орталығындағы балалар реанимациясы бөлімшесінде салмағы өте төмен болып туған, сондай-ақ тәулік бойы қарқынды терапияны қажет ететін ауыр халдегі шала туған нәрестелерге медициналық көмек көрсетіледі.

Орталық жұмыс істеген жылдар ішінде мыңдаған баланы аман алып қалды. Бөлімше дәрігерлері мен медбикелері күндіз-түні жаңа туған сәбилердің өмірі үшін күресіп, заманауи емдеу, күтім жасау және жағдайын бақылау әдістерін сәтті қолданып келеді.

КҮРДЕЛІ ШЕШІМ

ҚҰРСАҚТАҒЫ БАЛА ДА АМАН

Алматыда алғаш рет, дәлірек айтсақ, Ақалалық Кардиология орталығында жүкті әйелге рентген сәулесін қолданбай бірегей ота жасалды.

Әйелдің алғашқы жүктілігі, яғни асыға күтіп жүрген қуанышы екен. Құрсағындағы шараңа 23 апта болғанда туа біткен жүрек ақауы сыр берген. Іштергі бала дамыған сайын жүрек-қан тамырлары жүктемесі де жоғарылайтыны анық. Ал бұл жағдайда рентгеноскопия әйелге де, жатырдағы сәбиге де зиян. Сондықтан дәрігерлер тәуекелге барып, жергілікті жансыздандыру тәсілін қолданып, ота жасады. Жүрекке жасалған операция кезінде әйел ояу

жатты! Және бәрі сәтімен аяқталды. Күрделі ота кезінде Алматы қалалық Кардиология орталығының кардиологтары Оразбек Сахов пен Бауыржан Аиповке Астана қаласының УМС жүрек орталығының кардиологы Ерік Отарбаев жетекшілік жасап қолдау көрсетті.

Иә, операцияның басты ерекшелігі – рентген сәулесін емес, ультрадыбыстық бақылау әдісін қолдану болды. Стандартты тәжірибеде мұндай операциялар жүктілік кезінде ұрыққа ықтимал қауіп төндіретін рентгендік бақылаумен жасалады. Ультрадыбыстық навигацияны қолдану радиациялық жүктемені толығымен алып тастауға және ана үшін де, құрсақтағы шараңа үшін де қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта науқастың жағдайы тұрақты, жуырда дүние есігін ашар бөбектің де денсаулығына қауіп төніп тұрған жоқ.

ПАЦИЕНТ

АСҚАЗАННАН ТҮЙІНШЕК
ШАШ ШЫҚТЫ

№4 қалалық клиникалық ауруханаға түскен 25 жастағы пациенттің асқазанынан түйіншек шаш шықты. Ол шамамен, бес жыл бойы жиналған. Енді жағдайы күрт нашарлаған соң дәрігерлердің алдына келген беті екен.

Адамның ішінде шаштан шырмалып, тығыздалып түзілген ірі түйін медицина тілінде трихобезоар деп аталады. Дәрігерлер оны дереу операция үстеліне жатқызды. Яғни №4 қалалық клиникалық ауруханаға хирургтері лапаротомия жасап, асқазаннан көлемі үлкен безоарды алып шықты.

Пациенттің айтуынша, шашының ұшын аузына салу, тістелеп отыру бала кезіндегі әдеті екен. Бірақ ол мұны денсаулығына зиян келтіреді деп ойламапты. Ота аса күрделі болғанымен, асқынусыз өтті. Пациент қанағаттанарлық жағдайда үйіне шығарылды.

Дәрігерлердің түсіндіруінше, трихобезоар көбіне трихотилло-

маниясы, яғни шашты еріксіз жұлып, жұтып қоюмен сипатталатын психоэмоциялық бұзылысы бар адамдарда кездеседі. Мұндай түзіліс ұзақ уақыт бойы еш белгі бермей, асқынып, әбден шегіне жеткен кезде ғана байқалуы мүмкін. Дәрігерлер бөгде затты жұтып қойған жағдайда, өзін жақсы сезінгеннің өзінде де дер кезінде медициналық көмекке жүгінуге кеңес береді. Себебі, асқазан-ішек жолындағы асқыну айлар, тіпті жылдар өткен соң да дамуы ықтимал.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ



МҰҚАҒАЛИ – 95

АҚЫН МҰРАСЫНА ТАҒЗЫМ

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай колледжішілік «Мұқағали оқулары» әдеби-танымдық байқауы өтті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Рухани мазмұны терең іс-шараның бағдары – студент жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және ақын мұрасын жас ұрпаққа үлгі ету. Байқауға 1–3 курс студенттері қатысып, барлығы 15 білім алушы өз өнерлерін ортаға салды.

Қатысушылар екі кезең бойынша сынға түсті, алғашқы кезеңде студенттер Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқыса, екінші кезеңде ақын сөзіне жазылған әндерді орындады. Сонымен қатар, көрерменге поэзиялық композициялар мен әдеби-сахналық көріністер ұсынылды.

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Шолпан Маратқызының айтуынша, бұл байқау тек қазақ топтары арасында ғана емес, орыс топтарының студенттерімен ортақ форматта ұйымдастырылған. Негізгі мақсат – Мұқағалидай ақиық ақындардың мұрасын жастарға насихаттау.

«Біз білім басқармасы бекіткен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарлы түрде жұмыс жүргізіп келеміз. Осы мерейтой аясында колледж көлемінде бірқатар іс-шара ұйымдастыруды жөн көрдік. Мұқағали оқулары – соның бір бөлігі. Бір апта бойғы іс-шаралар Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналды десек болады. Студенттердің рухани дамуына жағдай жасап, шығармашылығымен кеңінен таныстыруды көздедік. Мұқағали жыры арқылы жас буын поэзияның құдіретін сезініп, сөз өнерінің қадірін тереңірек ұғына алады», – деді ол.

Сонымен қатар, мерейтой аясында колледж ішінде студенттер арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Бұл да ақынның 95 жылдығына арналған апталық іс-шаралар легінің жалғасы болды.

Мұқағали оқуларының қорытындысы бойынша I орынды 1-курс студенті Балым Әмір жеңіп алды.



«Мұқағали Мақатаевтың «Халық үні» атты өлеңін оқыдым. Жалпы дайындыққа шамамен бір жарым аптадай уақыт кетті. Ақын өлеңдерін мағынасын терең түсінуге, әр жолын жүрекпен жеткізуге тырыстым. Маған ақынның шығармашылығы өте

ұнайды. Өлеңдерінен шынайылықты, терең сезімді байқауға болады. Алдағы уақытта республикалық байқауға да күрделі, мазмұны терең өлең таңдап, өзімді жаңа қырымнан көрсетуге тырысамын», – дейді Балым.

МЕРЕЙ



Алматы – өнердің берекелі Абесігі. Өнердің де өз тілі бар. Бірақ соның ішінде сөзге сыймайтын, жүрекке тікелей жететін бір қасиетті тіл бар. Ол – би тілі. Би – тарихтың үнсіз шежіресі. Сондықтан би өнеріне қызмет ету жәй ғана кәсіп емес, рухқа қызмет етумен тең. Осындай биік өнердің қадірін біліп, оны жүрекпен сезініп, шәкірт санасына өнердің қиесін сіңіріп келе жатқан ұстаздың бірі – Қалжан Абылайқызы МЕҢІЛБАЕВА.

Бүгінде ұстаздық жолда 35 жылдан астам үздіксіз еңбек етіп, білім мен өнерді қатар өрген Қалжан Абылайқызы 55 жылдық мерейтой белесіне көтерілгелі отыр.

Сахна – тәртіптің мектебі
Би өнері – тек әдемі қимыл емес, ол – тәртіп, сабыр, таза талғам, әрі ішкі мәдениет. Ең бастысы, би – адам бойындағы табиғи талантты ғана емес, мінез бен төзімділікті тәрбиелейтін ерекше мектеп. Ал бүгінгі мерейлі жасқа

РУХТЫҢ ТІЛІ

жетіп отырған кейіпкеріміз – Қалжан Абылайқызының өмір жолы осы ақиқаттың айқын дәлелі. Өнер мен ұстаздықтың ауыр аманатын арқалап жүрген Қалжан Абылайқызы туралы көп жақсы дүние айтуға болады...

Ол 1971 жылы Қызылорда қаласында көпбалалы отбасында дүниеге келіп, бала күнінен өнерге бейім болып өсті. Арман қуып, үлкен жолға түскен жас Қалжан 1989 жылы А.Селезнев атындағы Алматы хореография училищесін аяқтады. Осы училищеде ол Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Отан» орденінің иегері Болат Аюхановтың сыныбында оқып, классикалық би өнерінің талап пен тәртіпке негізделген қатаң заңдылығын меңгерді. Сондай-ақ, тәжірибелі ұстаз Қ.І.Ізтілеуовадан дәріс алып, кәсіби би педагогикасының қыр-сырын бойына сіңірді.

Жас өнерпаздың сахнадағы репертуары да оның талғамын, деңгейін көрсетеді: «Фея кукол», «Маленькие лебеди», «Падет-труа», «Баядерка» сияқты классикалық туындылар – кез келген бишінің бағына

бұйыра бермейтін, жоғары дайындықты талап ететін күрделі вариациялар.

Қос биік

Өнер адамды өзгертеді. Ал өнерді жүрекпен қабылдаған жанның бойында бір ерекше қасиет қалыптасады. Қалжан Абылайқызының ұстаздық болмысынан дәл осы сипаттар анық көрінеді. Кейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде білім алып, (1989–1994) оқу ордасының қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласты. Ұздік оқуының арқасында Қазақстан атынан Францияға үш рет, Испанияға бір рет халықаралық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасап, сертификат алған.

Бұл сапарлар оның танымын кеңейтіп қана қоймай, ұстаздық дүниетанымын да қалыптастырды: ол білімнің де, өнердің де тамыры – тәртіп пен жауапкершілік екенін терең ұғынды.

фия училищесінде қазақ биінен қосымша сабақ беріп келеді. Ұлттық би – ұлттың жүрек лүпілі, дегендей, би өнерінде халықтың болмысы, даланың кеңдігі, қазақтың мінезі, әйелдің нәзіктігі, ердің айбыны бар.

Қалжан Абылайқызы шәкірттеріне биді тек техника ретінде емес, рухани құндылық ретінде үйретеді. Оның шәкірттері қалалық, республикалық байқауларда жүлделі орын алып, ұстаз еңбегінің нәтижесін көрсетіп келеді. Бірақ ұстаз үшін ең үлкен жеңіс – жүлде емес, шәкірттің ойынан өнерге деген құрметтің қалыптасуы. Училищенің қоғамдық өміріне белсене араласып, сынып жетекшілігін абыроймен атқарды. 606, 701 және 702 топтары ұйымшыл, белсенді топ ретінде танылды. Ол «Әлеуметтік-қоғамдық пәндер» бірлестігінің, әрі кәсіподақ комитетінің төрағасы міндетін де атқарды. Бұл – оның тек ұстаз емес, ұжым ішінде сенімге ие ұйымдастырушы тұлға екенін дәлелдейді.

Өнегелі отбасы – тәрбиенің жалғасы

Қалжан Абылайқызы жыл сайын ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндама жасап келеді. Сонымен қатар, шәкірттеріне ғылыми жетекшілік етіп, олардың ізденісін қолдап жүр.

Ол «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистратура бітіріп, ұлттық біліктілік тестінен «Модератор» санаты бойынша өткен.

Бұл – ұстаздың өзіне қоятын талабын, білім мен дамуға деген адалдығын көрсететін маңызды белгі.

Бүгінде Қалжан Абылайқызы – асыл жар, ардақты ана, аяулы әже. Оның қызы Сағадат – шет тілі пәнінің мұғалімі болса, екінші қызы Сымбат – кәсіби биші, сахнада халық ықыласына бөленіп жүрген өнер иесі. Осының өзі ұстаздық өмірдің тек еңбекпен емес, тәрбиемен де өлшенетінін айғақтайды.

Би – жүректің тілі, ал ұстаз – сол тілді шәкірт жүрегіне жеткізетін рухани елші. Қалжан Абылайқызы Меңілбаева – би өнерінің құдіретін түсінген, сахна мәдениетін өмірлік ұстанымға айналдырған, ұлттық құндылықты қимыл арқылы сөйлетіп алған, білім мен өнерді бір арнаға тоғыстырған сирек тұлға. Қадірлі ұстаз, аяулы өнер иесін 55 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Б.ИМАНҒАЛИЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Т.БЕЙСЕН,
журналист, тарихшы.

Ұлттық бидің киесі

2009 жылдан бері Қалжан Абылайқызы А.Селезнев атындағы Алматы хореогра-



КОНЦЕРТ

МЕГА-дағы МЕРЕКЕ

Референдум маңызын түсіндірудің тиімді алаңына айналды



Алматы тұрғындары мен Ақала қонақтары «MEGA Park» сауда-ойын-сауық орталығында өткен жаңа Конституция жобасын қолдауға арналған мерекелік концертті тамашалады. Мерекелік іс-шараны жаңа Конституцияны қолдауға бағытталған қалалық коалиция ұйымдастырды.

Рая ЕСКЕНДІР

Аталмыш сауда орталығы халық жиі бас қосатын әрі жастардың сүйікті демалыс орны. Сондықтан болар, мерекелік концертті тамашалауға келген көрерменнің қарасы қалың болды. Күнделікті сауда мен демалу үшін келген тұрғындар бұл жолы сахнадан жанды дауыста ән салған сүйікті әншілерін кездестірді. Әрине, мұндай форматтағы іс-шаралар мегаполистің қарбалас

тіршілігінде сирек кездесетіні анық. Дегенмен, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының өнерпаздары мен шығармашылық ұжымдары өз өнерлерін ұсынып, ән мен күй, сахналық қойылым мен заманауи интерпретациялар арқылы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әрбір номер тек эстетикалық әсер беріп қана қоймай, қоғамды ортақ құндылықтар төңірегінде ұйыстыруға бағытталды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жұртшылыққа мерекелік көңіл күй сыйлаумен қатар, алда өтетін жаңа Конституция жобасын қабылдау жөніндегі референдумның маңызын кеңінен түсіндіру. Осыған орай концертке қалалық мәслихат депутаты Серік Есмамов бастаған жастар ұйымдарының өкілдері қатысып, көрермендермен ашық форматта пікір алмасты. Бұл – мәдени кеңістікте азаматтық диалог орнатудың тиімді үлгісі.

Концерт аясында сөз алған таңымал әнші Қазыбек Әдікей мұндай бастамалардың қоғамдық мәніне тоқтала келе, «Сауда-ойын-сауық орталығы – халық ең көп жиналатын орын. Мұнда әртүрлі жастағы, тіпті әртүрлі көзқарастағы адамдар келеді. Осындай ортада референдумның ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін түсіндіру – азаматтық жауапкершілікті арттырады. Сондықтан ресми жиналыс немесе құрғақ ақпараттан гөрі, дәл осындай тәсіл, яғни өнер мен музыка адамның санасына тез жетеді. Көрермен өзін үгіт-насихаттың объектісі емес, ортақ ойдың бір бөлшегі ретінде сезінеді. Бұл – белсенді азаматтық позицияны қалыптастырудағы маңызды фактор, – десе, ұйымдастырушылар жағы да бұл пікірді қостап, мұндай концерттер алдағы уақытта да қала әкімдігінің қолдауымен өзге сауда-ойын-сауық орталықта-

рында жалғасын табатынын жеткізді. Мерекелік концертте белгілі әншілер Бибігүл Қилымхан, Абай Бегей, Інжу Әнуарбек, Ермек Меденов және «Даро», «Бақай» топтары қатысып, өнер көрсетті. Аталмыш жиынның ұйымдастырушылары да көпшілікке ризашылықтарын білдірді.

«Жастар рухы» жастар қанаты Алматы қалалық филиалының төрағасы, жастар көшбасшысы Дидарбек Ділдәбек: «Бұл бастама жаңа Конституция жобасын қолдаудың қосымша алаңына айналып, қоғамдағы бірлік пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етпек. MEGA Park-та өткен мерекелік концерт – мәдениет пен азаматтық сананы тоғысқан нақты үлгісі. Осындай форматтағы іс-шаралар қоғамды бей-жай қалдырмай, әрбір азаматты ел тағдырына ортақ жауапкершілікпен қарауға жетелейді», – деп кешті түйіндеді.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің
29.01.2026 жылғы №1 шешімі

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы
15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ШЕШТІ:

- Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №1591 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізуді:
көрсетілген шешімнің қосымшасындағы №8, 26, 31, 526, 528, 548, 619, 635 сайлау учаскелері орталықтарының атаулары осы шешімнің қосымшасына сәйкес өзгертілсін.
- «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік коммуналдық мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы шешімді алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етуін.
- Осы шешімнің орындалуын қадағалау Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д.КИРИКБАЕВ

Алматы қаласы
Алатау ауданы әкімінің
2026 жылғы 29 қаңтардағы
№1 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласы
Алатау ауданы әкімінің
2019 жылғы 15 қазандағы
№2 шешіміне 1-қосымша

№8 сайлау учаскесі
Орталығы: «№217 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Зеленая көшесі, 51 Г үй.

№26 сайлау учаскесі
Орталығы: «№212 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сағи Әшімов көшесі, 210.

№31 сайлау учаскесі
Орталығы: «№217 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Зеленая көшесі, 51 Г үй.

№526 сайлау учаскесі
Орталығы: «№213 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Құрсары көшесі, 37.

№528 сайлау учаскесі
Орталығы: «№184 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мектеп көшесі, 6 Б.

№548 сайлау учаскесі
Орталығы: «№217 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Зеленая көшесі, 51 Г үй.

№619 сайлау учаскесі
Орталығы: «№213 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Құрсары көшесі, 37.

№635 сайлау учаскесі
Орталығы: «№222 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сағи Әшімов көшесі, 210.

ІС-ШАРА

«ТҰРМЫС»

республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өтеді

Әуезов ауданы Полиция басқармасы ағымдағы жылдың 15–22 ақпан аралығында отбасылық-тұрмыстық зорлық зомбылық фактілерін азайтуға және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау шараларын күшейтуге бағытталған **«Тұрмыс»** республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасының өткізілетіні туралы хабарлайды.

Іс шара барысында полиция қызметкерлері тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, пәтерлерді аралау, тұрғындармен кездесулер ұйымдастырады, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша профилактикалық есепте тұрған тұлғаларды тексереді. Әйелдерге, балаларға және әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтауға ерекше назар аударылады.

Іс-шараның негізгі мақсаты – отбасылық-тұрмыстық қатынастар



саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға уақытылы көмек көрсету.

Данагүл Бақытжанқызы ШАЛҚАРОВА,
Алматы қаласы Әуезов ауданының ПБ қоғамдық қауіпсіздік басқармасының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бойынша бөлімшесінің инспекторы, полиция капитаны.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан азаматы Досубаев А.К., **жария талқылау** форматында, жобаның «Қолданыстағы ғимаратты (А, А1, А2, А3 корпустары) бұза отырып, халыққа қызмет көрсету нысанын салу» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба іске асырылатын мекенжай: **Алматы қ., Әуезов ауданы, «Таугүл» ықшамауданы, Тоқтабаев көшесі, 16/1 үй.**

Жобалық материалдармен 23 ақпан күні, сағат 13.00-де жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша келіп танысуға болады: **Ескертулер мен ұсыныстар** көрсетілген мекенжайда айтылып, талқыланады.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:
Досубаев А.К., 050050, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов ауданы, «Таугүл» ықшамауданы, Тоқтабаев көшесі, 16/1 үй. **Тел.: 8 777 033 84 33.**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

WINTER RUN – 2026

МАУСЫМАШАР марафон

Алматыға
22 елдің
спортшысы келді

Қала әкімдігінің қолдауымен «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры ұйымдастырған Winter Run жарысы өтті. Бұл – 2026 жылдың маусымашар марафоны.

Жарыс жолына 2,5 мың адам шықса, оның ішінде 22 елден келген 116 шетелдік болды. Атап айтқанда, Орталық Азия елдерінен – Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан, ал алыс шетелден Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Испания, Польша, Швейцария, Швеция, Норвегия, Украина, Беларусь және Ресей азаматтары қатысты. АҚШ, Канада, Қытай, Моңғолия, Филиппин және Жаңа Зеландиядан келген желаяқтар да жарыс көркін қыздырды.

Өзге марафондарды қоспағанда, биыл Winter Run жарысы 12-рет ұйымдастырылды. Жарыс «Нұрлы-Тау» бизнес орталығының жанынан бастау алды. Бағдарламада үш қашықтық қарастырылғандықтан, 10 мен 75 жас аралығындағы спортшылар қатысты. Яғни 10 шақырым, 7 шақырым скандинавиялық серуен және 3 шақырым балалар жарысы әртүрлі жастағы спортсүйер жандарды біріктірді.

«Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ғалымжан Есеновтің айтуынша, қысқы старт жыл бойы өтетін жарыстарға серпін береді:

– Биыл біз үшін айрықша жыл – алғашқы Almaty Marathon ұйымдастырылғанына 15 жыл толып отыр. Барлық жарыс қатысушыларды маусымның басты оқиғасына жүйелі түрде дайындауға бағытталған. Қор ұйымдастыратын старттардың халықаралық мәртебесі нығайып келеді, түрлі елдерден спортшылар келуі қаланың экономикасы мен шағын бизнесінің дамуына да оң ықпал етеді, – деді ол.

Марафонға қатысушылар қатарында қала тұрғыны, белгілі экономист Мақсат Халық та болды. Ол үшінші жүгіру жарысына қатысып жатқанын айтты:



– Бұған дейін жартылай марафон мен Алматы марафонға қатыстым. Биыл алғаш рет қысқы марафонға қатысқалы отырмын. Достарымызбен таңертең тұрып, тауға шығып, жүгіруді әдетке айналдырдық. Кейін марафонға қатыса бастадық. Абай атамыз «адамдың үш қасиеті бар – нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» деп айтқан. Сонда «ыстық қайрат» дегеніміз физикалық тұрғыдан жаттығу, тәннің саулығы. Ал оған жүгіру көмектеседі, – деді Мақсат Халық.

Еске салайық, осы маусымдағы келесі ірі жарыс – 19 сәуірде өтетін Almaty Half Marathon. Оған 10 мың қатысушы жиналмақ. Ал 27 қыркүйекте алғашқы старттың 15 жылдығына арналған мерейтойлық Almaty Marathon өтеді. Бағдарламада 10 шақырым, 10 шақырым (скандинавиялық серуен), 21,1 шақырым, 42,2 шақырым қашықтықтар және «Экиден» командалық эстафетасы қарастырылған.

Дәстүр бойынша «Бірінші болу – батылдық» қоры жиналған қаражаттың бір бөлігін қайырымдылыққа бағыттайды. Аталған қордың зерттеуіне сәйкес, марафон өтетін күндері мыңға жуық қатысушы шамамен, 8 млн. теңгеге сауда жасайды, ал серіктес компаниялардың салық аударымдары төрт жыл ішінде 318,9 млн. теңгеден 873,9 млн. теңгеге дейін артқан.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СТУДЕНТТЕР ЛИГАСЫ

ШЕШУШІ КЕЗЕҢ ҚЫЗА ТҮСТІ

Қаламызда демалыс күндері студенттер лигасының көктемгі кезеңі аясындағы ойындар басталды. Тур барысында баскетбол және футбол матчтары өтті.

Алматы қаласы Спорт басқармасының мәліметіне сәйкес, баскетбол ойындары Қарасай батыр көшесі, 95 мекенжайында орналасқан ҚазҰУ-дың спорт залында ұйымдастырылды. Футбол матчтары Сәтбаев көшесі, 6 Б мекенжайында өтті.

– 2025-2026 маусымы шешуші кезеңге аяқ басты. Күзгі кезең толық аяқталып, енді командалар турнирлік кестедегі қорытынды орындар үшін тартысты жалғастырады, – деді спорт басқармасының өкілдері.

Биылғы маусымда қаладағы 35 жоғары оқу орнынан 108 команда бақ сынап жатыр. Жарыс футбол (11x11), волейбол және баскетбол бағыттары бойынша өтуде. Ойындар айналмалы жүйе негізінде ұйымдастырылған – әр команда өз дивизионындағы барлық қарсыластарымен кездесіп келеді. Көктемгі кезең қорытындысы бойынша маусым чемпиондары анықталады. Қорытынды орындар екі кезеңде

жиналған ұпайдың жиынтығы арқылы белгіленеді.

Барлық бағыт бойынша студенттердің қатысуы тегін. Жарысты ұйымдастыру және үйлестіру цифрлық платформалар арқылы жүзеге асырылған. Барлық матч лиганың ресми YouTube арнасында тікелей эфирде көрсетіліп жатыр.

– Көктемгі кезең – бұл жоғары бәсеке, барынша шоғырлану және соңғы турға дейін жалғасатын чемпиондық үшін күрес. Дәл қазір әр ойын маусымның қорытынды нәтижесіне тікелей ықпал етеді, – деп атап өтті спорт басқармасынан.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**

